


Африканың



табиғат зоналары



- **Білімділік:** Оқушыларға табиғат зоналарымен таныстыра отырып, негізгі ерекшеліктері мен маңызына тоқталып әр түрлі ұғымдар қалыптастыру.
- **Дамыту:** Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оята отырып, картамен жұмыс істеуге, өз бетімен шығармашылықпен шұғылдануын дағдыландыру.
- **Тәрбиелік:** Оқушылар басқа мемлекеттердің табиғат зоналарымен таныса отырып, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту және бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу.

Табиғат зонасы дегеніміз не?




Жауап: Табиғат кешендерінің, яғни, жер бедері, климаты, топырағы, өсімдігі, жануарлар дүниесі ұқсас және бірдей климаттың әсерінен қалыптасатын құрлықтағы аймақтарды табиғат зоналары деп атайды.



Африканың табиғат зоналары экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай ендік бағытта ауысатын:

- ылғалды экваторлық ормандар мен ауыспалы ылғалды ормандардан;
- саванналар мен сирек ормандардан;
- тропиктік шөл зонасы мен субтропиктік жерортатеңіздік ормандардан тұрады.




Ылғалды экваторлық ормандар

Конго қазаншұңқыры мен Гвинея шығанағы жағалауын алып жатыр. Мұнда биіктігі 80 м-ге жететін алып фикустар, сейба ағашы, майлы пальма мен шарап пальмасы – рафия, эбен және қауын ағашы өседі. Орманның банан, ағаш тәрізді папортник, либериялық кофе ағашы, лианалардан тұратын төменгі қабаты адам өте алмайтын қалың ну (джунгли) құрайды.



Пальма ағашы



Рафия ағашы

Ылғалды экваторлық ормандар жануарлары


Жануарлар дүниесіне бай. Ормандарда шашақ құлақ шошқа, ергежейлі бегемот, жираф тұқымдас окапи, ергежейлі антилопа, маймылдардан мартышка, шимпанзе, мандрил, павиан, адам тәріздес ең ірі горилла маймылы, жыртқыштардан қабылан, қауырсындары түрлі түсті, денелері ірі құстар мекендейді.



Бегемот



Шашақ құлақ шошқа



Жираф тұқымдас Окапи





Шимпанзе



Мандрил



Павиан







Қабылан



Саванналар мен сирек ормандар


Африка жерінің 40%-на жуығын алып жатыр. Ешбір материкте саванналар мұндай үлкен аудандарды алып жатқан жоқ. Мұнда тығыз өскен биік шөптесін өсімдіктер арасында сирек ағаштар кездеседі. Саваннада топырақ-өсімдік жамылғысының таралуы жаңбырлы кезеңнің ұзақтығы мен мөлшеріне тікелей байланысты. Жаңбырлы кезеңде саванна түрленіп, қызу тіршілік ортасына айналады. Ал құрғақ кезең басталысымен-ақ өсімдіктер тез арада құрап, ағаштар жапырағын түсіреді. Бұл мезгілде саванна сүреңсіз сарғыш түске енеді.

Ылғалды кезең 8-9 айға созылып, жауын-шашын мол түсетін жерлерде қызыл ферралитті топырақтарда паркті саванналар таралған. Мұнда биіктігі 3 м-ге жететін піл шөбінің арасында алып баобабтар, дум пальмасы мен майлы пальма өседі. Жаңбырлы кезең 6 айға дейін созылатын жерлердегі қызыл-қоңыр топырақ жамылғысында онша биік емес шөптерден тұратын нағыз саванналар таралған. Шөптердің арасында қолшатыр тәрізді акациялар өседі. Шөлейт зонасына жақындаған сайын жаңбыр өте аз, әрі 2-3 ай ғана түсетін жерлерге құрғақ саванналар тән.

Саванналарда шөптесін өсімдіктер басым болғандықтан ірі тұяқты жануарлар кең таралған. Мұнда тек бөкендердің (антилопа) 40-тан аса түрі, зебра, ұзын мойын керіктер (жираф), буйволдар бар. Мадагаскарда шағын денелі маймылдардың ерекше тобын құрайтын лемурлардың 26 түрі мекендейді. Топталып тіршілік ететін Африкалық сурикат кездеседі. Лемур мен саяхатшылар ағашы Мадагаскар аралының символы болып табылады. Саванналар шөп қоректі ірі жануарлар Африка пілі, мүйізтұмсықтарымен және өзен-көл бойында тіршілік ететін бегемоттарымен де әйгілі. Бұл жануарлардың көпшілігі негізінен саваннада кең таралған жыртқыштарға қорек болады. Жыртқыштардан арыстан, гепард, қабылан, шиебөрі, қорқау қасқырлар кездеседі. Өзендерде қолтырауындар тіршілік етеді. Ніл қолтырауынының ұзындығы 5-6 м-ге жетеді. Африка саванналарында құстар өте көп. Мұнда жер бетіндегі ең ірі құс Африка түйеқұсы, жыландар мен кемірушілерді аулайтын ірі құс секретарь, өте әдемі кішкентай шырын сорғыштар мекендейді. Көлдер мен өзен жағалауларында қоқиқаздар, тырна, көкқұтан, бірқазандар, Африкада ғана кездесетін марабу тіршілік етеді. Жәндіктерден, әсіресе ауыл шаруашылығына үлкен зиян тигізетін Марокко шегірткесі кең таралған.




Дум пальмасы





Антилопа



Зебра



Буйволдар



Керік (жзираф)



Лемурлар



Сурикаттар



Сурикаттар



Африка пілі





Мүйізтұмсықтар



Бегемоттар

Жыртқыштардан:



Арыстан



леопард





Шиебөрі



Қорқау қасқыр

Ніл қолтырауыны





ТҮЙЕКҰС



ҚОҒИҚАЗДАР



Тырна



Көкқұтан



Марабу



Бірқазан



Мақта



Маниок



Батат

Кешью



Тропиктік шөл зонасы мен
субтропиктік жерортатеңіздік
ормандар



Саванналардан екі жаққа қарай тропиктік шөлдер орналасқан. Олар әсіресе, Солтүстік Африкада үлкен ауданды алып жатыр. Сондықтан тропиктік шөлдерді Сахараның мысалында сипаттайық.

Сахарада жылдық жауын-шашын мөлшері 100 мм-ден аз, ішкі бөліктерінде кейде бірнеше жылдар бойы жаңбыр жаумайды. Бұлт болмайтындықтан күн сәулесі жер бетін қатты қыздырады. Жазда көлеңкенің өзінде ауа температурасы +40°, +50°C болады, әсіресе шаң мен құмды боратып, аңызак құрғақ самум желі соққан кезде ыстықтан қорғану үшін жергілікті халық кең, ұзын киім киіп, бетін тұмшаланып жүреді. Ал түнге қарай күрт төмендеген температурадан адамдар қалтырап тоңады.

Жануарлар дүниесі де шөл климатына бейімделген. Көптеген жануарлар су іздеп алысқа бара алады, кейбіреулері ұзақ уақыт сусыз тіршілік етуге бейімделген. Сахарада бір өркешті жабайы түйелер (дромедар), бөкендер, қорқау қасқырлар мен шиебөрілер, фенек түлкісі, шағыл мысығы мекендейді. Кемірушілер, улы жыландар, үлкен сұр келес (варан), ұсақ улы жәндіктер көп.

Шығысқа және солтүстікке қарай Оңтүстік Африка шөлдері шөлей зонасына ауысады. Мұнда тікенекті, жастық тәрізді бұталар мен сүттіген, алоэ өседі.

Субтропиктік қатты жапырақты ормандар мен бұталар Жерорта теңізі жағалауы мен Оңтүстік Африканың жағалау бөлігіне тән өсімдіктер. Жерорта теңізі жағалауында тас емен мен тоз емені, зәйтүн ағашы, олеандр, фисташка, мәңгі жасыл кипарис, атлас самырсыны, жабайы алмұрт пен жүзім, ал Канар аралдарында бүлдірген және айдаһар ағаштары өседі. Оңтүстіктегі Кап тауларында ылғалдың көбірек түсуіне байланысты кап шамшаты, күміс ағаш, лавр жапырақты зәйтүн ағашы, түйнекті және тамыржемісті әдемі өсімдіктер, кап орхидеясы өседі. Субтропиктік климат бұл зонада цитрустарды өсіруге мүмкіндік береді.



Бір өркешті жабайы түйелер (дромедар)

Бөкендер



Шиебөрілер




Фенек түлкiсi



Шагыл мысыгы





Сүттіген



Фисташки



Алоэ

Олеандр



Олеандр - раскидистый вечнозелёный кустарник

Мәңгі жасыл кипарис



Қорытындылау:



- Ылғалды экваторлық ормандардың алып жатқан жерлері?
- Ылғалды экваторлық ормандарда кездесетін өсімдіктер?
- Ылғалды экваторлық ормандарда кездесетін жануарлар?
- Африка жерінің 40%-на жуығын алып жатқан зона?
- Субэкваторлық белдеуде кездесетін өсімдіктер?
- Субэкваторлық белдеуде кездесетін жануарлар?
- Сахарадағы тасты шөлдерді жергілікті халық қалай атайды?
- Тропиктік шөл зонасының өсімдіктері мен жануарлар дүниесі?

Үйге тапсырма:

- 1. Африканың табиғат зоналарын мазмұндау;*
- 2. Африканың табиғат зоналарын кескін картаға түсіру.*



*Балалар,
сау болыңдар.*



Үй тапсырмасы:

- 1. Африкадағы ең ұзын өзен қандай?*
- 2. Нигер өзені қай алабқа жатады?*
- 3. Экваторды екі жерден кесіп өтетін өзен?*
- 4. Виктория сарқырамасы орналасқан өзен?*
- 5. Африка көлдерінің ең тереңі?*
- 6. Африканың ең үлкен көлі?*
- 7. Солтүстік Африкада ежелгі су айдындарының орнында сақталып қалған көл?*
- 8. Африка жер асты сулары орналасқан жер?*
- 9. Ливингстон, Стенли сарқырамасы орналасқан өзен?*
- 10. Уэдтер деген не?*
- 11. Сенегал, Оранжевая өзені жататын алап?*
- 12. Үнді мұхитына қандай өзендер құяды?*





AFR FORUM

